

Бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдылары арқылы тілдерін дамыту

Ф.Б. Нұғманова^{*1}, Ж.К. Ахмадиева²

1Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

2Астана халықаралық университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*farida.nugman.uba@mail.ru



Аңдатпа. Мақалада авторлар бастауыш сыныптарда «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша тыңдалым мен айтылымға қатысты мәселелерді қарастырған. Зерттеу барысында сауалнама жүргізу және тапсырмалар беру арқылы оқушылардың тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамыту жолдары көрсетілген. «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша үш кезеңде бақылау жүргізу арқылы негізгі мәселелер айқындалған. «Сөздерді ата» және «Сурет бойынша айтып бер» әдістемелері арқылы оқушылардың тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамыту барысында кездесетін қиындықтар нақтыланған. Оқушылардың бұл дағдыларын дамытудағы қиындықтарды тапсырмалар мен оқыту және сөйлету әдістерін қолдану арқылы жеңу жолдары қарастырылған. Осы мақсатта авторлар зерттеу жұмысын эксперимент, қалыптастыру және бақылау кезеңдері арқылы жүргізген. Мақалада шетелдік авторлардың оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру жолдарына сүйене отырып, әдебиеттік оқуға қол жеткізуге бағытталған әдіс-тәсілдер мен теориялық және практикалық зерттеулер талданған. Тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдердің тиімділігі айқындалған. Зерттеу барысында М.П. Воюшина тыңдалым дағдыларын анықтау үшін оқушылардың мәтінді қабылдау деңгейін, сөйлеу дағдыларын және оқу мотивациясын зерттеуді ұсынады. Сонымен қатар, М.П. Воюшина әзірлеген аяқталмаған сөйлемдерге негізделген жартылай проективті әдіс қолданылған. Мақала бастауыш сынып мұғалімдеріне пайдалы болмақ.



Кілтті сөздер: эссе, дағды, тыңдалым, айтылым, тіл дамыту, әдістеме.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Нұғманова, Ф.Б., Ахмадиева, Ж.К. Бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдылары арқылы тілдерін дамыту [Мәтін] // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №1. – Б. 112-127.

Кіріспе

Бастауыш сынып білім алушыларының тілін дамыту білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрініс тапқан. Стандартта «Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша бастауыш білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелердің бірі ретінде білім алушы әңгімелесудің, оқылған немесе тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді және жеткізе

алатыны, сөйлеушінің көзқарасын жеткізу жолдарын айқындай алатыны, қорытындылар жасай алатыны, пікірталастың тақырыбын түсінетіні және т.б. құзыреттіліктер қамтылған [1].

Оқу іс-әрекетінде әдебиеттік оқылымдарды қолданғаннан кейін тыңдаудың орта деңгейіндегі пәндер бойынша оқушыларды оқыту нәтижелерінің өсуі байқалады. Біздің тәжірибедегі оқу іс-әрекетінің мүд-

делерінің қаншалықты қалыптасқан және саналы екендігін тексеру М.П. Воюшина жасаған аяқталмаған сөйлемдердің жартылай проективті әдісін қолдана отырып жүргізілді.

Бұл дағдыларды бағалаудың тағы бір тәсілі коммуникативті-іс-әрекеттік тәсіл болып табылады. Бұл тәсіл әр оқушының сөйлеу үдерісін басқаруды, оның жеке ерекшеліктерін ескеруді қамтиды. М.П. Воюшина оқу іс-әрекетінің мотивтерінің қалыптасқандығы мен саналылығын тексеруді аяқталмаған сөйлемдердің жартылай проективті әдісін қолдана отырып жүргізуді ұсынады. Егер біз М.П. Воюшина әдістемесін негізге алсақ және оны бірқатар басқа заманауи әдістермен толықтыратын болсақ, оқу сауаттылығының деңгейін дәл анықтауға мүмкіндік беретін кешенді тексеріс формасын қалыптастыруға болады.

М.П. Воюшина әдебиеттік оқу сауаттылығының тыңдалым деңгейін анықтау үшін оқушылардың мәтінді қабылдау деңгейін, сөйлеуді дамыту деңгейін және оқу мотивациясын зерттеуді ұсынады. Көркемдік мәтінді қабылдау деңгейі және оқу дағдыларының қалыптасу дәрежесі мектепте оқытылмайтын материал (поэтикалық және прозалық) негізінде тексеріледі. Прозалық мәтінді оқығаннан кейін оқушылар жалпы мәселелер мен кейіпкерлерді, әрекеттерді және т.б. алғашқы рет қалай қабылдағандары жайлы сұрақтарға жауап береді [2].

Осылайша, бұл зерттеу әдебиеттік оқу пәні тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамыту әр оқу іс-әрекетінде үнемі қолдану керек деп болжауы мүмкін, өйткені бұл әрекетте оқушылар оқығандарын түсіне алады. Қарапайым, жағымды, ыңғайлы және үйренуге оңай әдебиеттік оқу пәнінде тыңдалым мен айтылымды қолдану оқушыларды оқытуға көмектесуі ұсынылады.

Мысалы, қытайлық авторлардың зерттеулерінде бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдыларына мәтіннен сөйлеуге диктант (TTS) әсерін зерттеу және қытайлық бастауыш мектеп

оқушыларының TTS диктант тыңдалым және айтылым дағдыларына қабылдауын зерттеу қарастырылған. Эксперименттік топтағы әртүрлі пәндер бойынша орташа ұпайлар бақылау тобына қарағанда жоғары болды, бұл TTS диктанттарының қытайлық бастауыш сынып оқушыларының тыңдау және айтылым дағдыларына әсерін көрсетеді [3].

Қазақ тілі сабақтарында тыңдалым әрекеті тапсырмаларын ұйымдастыру жолдары мақалада қарастырылған. Тыңдалым әрекеті қазақ тілін оқытудың заманауи әдістемесіндегі ең өзекті тақырыптардың бірі, өйткені тыңдаусыз сөйлеу коммуникациясы жүзеге аспайды. Қазіргі таңда қазақ тілі сабақтарында тыңдалым әрекеті қаншалықты меңгеріліп жатыр деген сұрақ туындайды. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне қарағанда, білім стандартында сөйлесім әрекеттеріне орын берілсе де, тыңдалым әрекеті назардан тыс қалып, толық жүзеге аспайды [4].

Пәкістанның Равалпинди қаласындағы орта мектеп оқушыларының сөйлеу және тыңдау дағдыларына толық емес сыныптарда оқытудың әсері мақаласында. Екінші тіл ретінде ағылшын тілінде сөйлеу және тыңдау дағдылары (ESL) тілді үйренудің ең маңызды, бірақ сонымен бірге күрделі аспектілері болып табылады, әсіресе ағылшын тілі қарым-қатынастың негізгі құралы болып табылмайтын жағдайларда. Пәкістанда орта мектеп оқушылары шынайы ағылшын тіліне қол жетімділіктің шектелуіне және әлсіз формалар сияқты фонологиялық ерекшеліктерге назар аудармауына байланысты ауызекі сөйлеуді меңгеруде жиі қиындықтарға тап болады. Біртұтас сөйлеуде қызметтік сөздерді айту қиын болатын әлсіз формалар есту арқылы түсіну үшін де, еркін сөйлеу үшін де қажет деп көрсетілген [5].

Тыңдалым және айтылым дағдылары - бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне айтарлықтай әсер ететін әмбебап дағды. Орфографияны тиімді меңгеру, тыныс белгілерін дұрыс қолдана білу, сонымен қатар сөздің эстетикалық қабылдауын дамыту осы шеберлікпен тікелей байланысты. Тыңдау дағдыла-

ры бастауыш сынып оқушыларында осы аспектілерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Н.И. Гез және Н.В. Елухина оқушылардың тыңдалым дағдылары мен қабілеттерін біртіндеп қалыптастырудың өте өнімді идеясын ашты: тыңдалым (айтылым) техникасын дамытудан бастап, табиғи сөйлеу қарым-қатынасына жақын жағдайларда дыбыстық мәлімдемені (мәтінді) түсінуге байланысты дағдыларға дейін. Н.И. Гез ықтималдық болжау және есте сақтау механизмдерін дамытатын жаттығулар жасады [6].

Тыңдалымды зерттеу мәселесі оның әртүрлі аспектілерін зерттейтін көптеген авторлардың назарын аударды: оның құрылымы, психологиялық мазмұны және тыңдалым механизмдері, есту және семантикалық қабылдау ерекшеліктері. Алайда, ауқымды зерттеулерге қарамастан, тыңдалымды оқыту әдістемесі жеткілікті түрде дамымаған күйінде қалып отыр. Бұл психологияда сөйлеу ақпаратын түсіну процесін талдау аз зерттелген салалардың бірі болып қала беретіндігімен түсіндіріледі.

Зерттеудің мақсаты - бастауыш сынып оқушыларының әдебиеттік оқылым пәні бойынша тыңдалым және айтылым дағдылары арқылы тілдерін дамытудың теориялық және практикалық зерттеу жүргізу.

Зерттеудің міндеттері:

- Бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдыларының мәні мен ерекшеліктерін зерттеу;
- Бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдылары арқылы тілдерін дамытудың әдіс-тәсілдерін қарастыру;
- Бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдылары арқылы тілдерін дамытудың тәжірибелік-экспериментін жасап қорытындылау.

Материалдар мен әдістер

Тәжірибелік зерттеу Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК 3 «а» және 3 «б» бастауыш сынып оқушыларымен бірге жүргізілді, оған 3-сыныптың 30 оқушысы қатысты.

Бұл зерттеудің құралдары ауызша және жазбаша тапсырмалар түріндегі сұрақтар, бақылау парақтары мен құжаттар болды.

Зерттеу 3 кезеңнен тұрды:

1. Айқындаушы кезең;
2. Қалыптастырушы кезең;
3. Бақылау кезеңі.

Зерттеу бастапқы кезеңінде біз бастауыш сынып оқушыларының әдебиеттік оқу сабағында тыңдалым және айтылым дағдыларының даму деңгейін анықтау қажет деп шештік. Бұл үшін айқындаушы эксперимент ұйымдастырылды.

Мектепте әдебиеттік оқуды төрт жыл оқығаннан кейін оқушылар шығармалардың, авторлардың мазмұнын біліп қана қоймай, жоспар құрып, мәтінді қайталай білуі керек, сонымен қатар кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің себептерін түсінетін, көркемдік мәнерлілік құралдарын тауып, олардың рөлін түсіндіре алатын, мәтіндегі авторлық позицияны көре алатын сауатты оқырман болуы керек. Диагностикалық әдістер мұғалімге дұрыс бағытта өз қызметін ұйымдастыруға көмектеседі.

Айқындаушы экспериментте келесі әдістемелер қолданылды:

Айтылым дағдыларының деңгейін анықтау үшін Р.С. Немовтың әдістемесі бойынша «Сөздерді ата» әдісі және «Сурет бойынша айтып бер» әдісі [7].

Қалыптастырушы кезеңде тыңдалым дағдыларының деңгейін анықтау үшін М.П. Воюшина жасаған аяқталмаған сөйлемдердің жартылай проективті әдісі

және М.П. Воюшина оқу сауаттылығының тыңдалым деңгейін анықтау үшін эссе жазу тапсырмалары қолданылды.

«Сөздерді ата» әдісі (Р.С. Немов):

Бұл ұсынылған әдіс баланың белсенді жадында сақталған сөздік қорын анықтайды. Оқытушы балаға тиісті топтағы кейбір сөздерді атайды және сол топқа қатысты басқа сөздерді өз бетінше тізіп беруін сұрайды.

Төменде келтірілген сөз топтарының әрқайсысына 20 секунд, ал жалпы тапсырманы орындауға 160 секунд бөлінеді:

1. Жануарлар;
2. Өсімдіктер;
3. Заттардың түстері;
4. Заттардың формалары;

5. Заттардың пішіні мен түсінен басқа белгілері;

6. Адамның іс-әрекеттері;

7. Адамның іс-әрекеттерді орындау тәсілдері;

8. Адам орындайтын іс-әрекеттердің сапасы.

Егер баланың өзіне қажетті сөздерді тізімдеуді бастау қиынға соғатын болса, онда мұғалім оған осы топтағы бірінші сөзді атау арқылы көмектеседі және баладан тізімді жалғастыруды сұрайды.

Ал бақылау кезеңі диагностика жасау арқылы іске асырылды.

«Сурет бойынша айтып бер» әдісі (Р.С. Немов) (1-кесте).

1-кесте – «Сурет бойынша айтып бер» әдісі бойынша сөз таптары

№	Зерттеу барысында балалардың қолданған сөз таптары	Қолданылу жиілігі
1	Зат есімдер	
2	Етістіктер	
3	Жай шырайдағы сын есімдер	
4	Салыстырмалы шырайдағы сын есімдер	
5	Күшейтпелі шырайдағы сын есімдер	
6	Үстеулер	
7	Есімдіктер	
8	Жалғаулықтар	
9	Көмекші сөздер, демеуліктер	
10	Күрделі сөйлемдер мен құрылымдар	

Бұл әдіс баланың белсенді сөздік қорын анықтауға арналған. Егер бала 5 жастан 6 жасқа дейін болса, оған қосымшаның 1 және 2-суреттерде көрсетілген суреттер сериясы ұсынылады. Егер баланың жасы 6-дан жоғары болса, онда оған қосымшаның 3 және 4-суреттерде көрсетілген

суреттер сериясы көрсетіледі. Әрі қарай, балаға осы суреттерді мұқият қарау үшін 2 минут беріледі. Егер ол басқа заттарға алаңдаса немесе суретте не бейнеленгенін түсіне алмаса, онда зерттеушілер оларды түсіндіріп, назарын суреттерге қайтадан аударуға тырысады.

Суретті қарау аяқталғаннан кейін балаға не көргені туралы айту ұсынылады. Әрбір сурет бойынша әңгімеге тағы 2 минут беріледі. Осы әдісті қолдана отырып зерттеу жүргізетін психолог нәтижелерді кестеге (1-кесте) толтырады. Ол кестеде баланың қандай сөздерді, қандай сөйлеу бөліктерін, грамматикалық формаларын және құрылымдарын қолданатындығын жазады.

«Сөздерді ата» әдісі арқылы оқушылардың айтылым дағдыларының деңгейін анықтадық.

Нәтижелер

Біз бастауыш сынып оқушыларының 3 «а» сыныбын бақылау тобы деп, ал 3 «б» сыныбын тәжірибелік топ деп алдық. Енді келесі кестеде «Сөздерді ата» әдісі бойынша жасалған эксперименттің нәтижелері көрсетілген (2-кесте, 1-сурет).

2-кесте – «Сөздерді ата» әдісі бойынша жасалған диагностиканың нәтижелері

Сыныптар	Көрсеткіштер		
	Төмен деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
Бақылау тобы 3 «б» сыныбы	62%	22%	16%
Тәжірибелік тобы 3 «т» сыныбы	58%	23%	19%



1-сурет – «Сөздерді ата» әдістемесі бойынша айқындаушы кезең нәтижелері

«Сөздерді ата» әдістемесі негізінде жүргізілген анықтаушы кезеңнің нәтижелері бақылау және тәжірибелік топтардағы

білім алушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларының бастапқы деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Диаграмма

мәліметтері бойынша, екі топта да оқушылардың басым бөлігі төмен деңгейде екені байқалады: бақылау тобында – 62%, тәжірибелік тобында – 58%. Бұл көрсеткіштер бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларының жеткілікті дамымағанын көрсетеді.

Орташа деңгейдегі білім алушылардың үлесі екі топта да шамалас: бақылау тобында – 22%, тәжірибелік тобында – 23%. Ал жоғары деңгей көрсеткен оқушылардың үлесі бақылау тобында – 16%, тәжірибелік тобында – 19% құрайды.

Бұл нәтижелер тәжірибелік топ пен бақылау тобы арасындағы айырмашылықтың шамалы екенін көрсетеді. Сонымен қатар, екі топтағы төмен деңгейдегі оқушы-

лардың үлесінің жоғары болуы олардың сөздік қорының жеткіліксіздігін, ойды байланыстырып айтуда және сөйлеу әрекетінде қиындықтар бар екенін аңғартады.

Зерттеу нәтижесі оқу процесінде тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы әдістемелер мен жаттығулардың қажеттілігін көрсетеді.

«Сурет бойынша айтып бер» әдісі арқылы оқушылардың айтылым дағдыларының деңгейін анықтадық. Біз бастауыш сынып оқушыларының 3 «б» сыныбын бақылау тобы деп алдық, ал 3 «т» сыныбын тәжірибелік топ деп алдық. Айқындаушы кезең нәтижелері 3-кестеде және 2-суретте берілген.

3-кесте – «Сурет бойынша айтып бер» әдісі бойынша жасалған айқындаушы кезең нәтижелері

Сыныптар	Көрсеткіштер		
	Төмен деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
Бақылау тобы 3 «б» сыныбы	68%	18%	14%
Тәжірибелік тобы 3 «т» сыныбы	70%	13%	17%



2-сурет – «Сурет бойынша айтып бер» әдістемесі бойынша айқындаушы кезең нәтижелері

«Сурет бойынша айтып бер» әдістемесінің нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының айтылым дағдысының даму деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері бойынша, төмен деңгейдегі оқушылардың үлесі екі топта да басым: бақылау тобында – 68%, тәжірибелік тобында – 70%. Бұл оқушылардың көрген сурет бойынша өз ойын жүйелі жеткізе алмауы, тілдік қордың шектеулігі және сөйлеу қабілетінің жеткіліксіз дамығанын көрсетеді.

Орташа деңгейдегі көрсеткіштер бақылау тобында – 18%, тәжірибелік тобында – 13% құрады. Ал жоғары деңгей көрсеткен оқушылардың үлесі бақылау тобында – 14%, тәжірибелік тобында – 17% шамасында. Бұл мәліметтер тәжірибелік топта айтылым деңгейінің сәл жоғары болғанын аңғартады, дегенмен екі топ арасындағы айырмашылық аса айқын емес.

Жалпы алғанда, бұл нәтижелер бастауыш сынып оқушылары үшін суретке сүйеніп әңгіме құрастырудың әлі де күрделі әрекет екенін көрсетеді. Бұл дағдыны дамыту үшін оқушылармен жүйелі түрде сөйлеуге ынталандыратын тапсырмалар мен әдістемелік жұмыстар жүргізу қажеттігі туындайды. Зерттеудің бұл кезеңі қалыптастыру жұмыстарының бағыт-бағдарын нақтылауға негіз болады.

Біздің тәжірибемізде оқу іс-әрекетінің мүдделерінің қаншалықты қалыптасқанын және саналы түрде орныққанын тексеру М.П. Воюшина әзірлеген аяқталмаған сөйлемдерге негізделген жартылай проективті әдісті қолдану арқылы жүргізілді.

Бұл дағдыларды бағалаудың тағы бір тәсілі – коммуникативтік-іс-әрекеттік тәсіл. Бұл тәсіл әрбір оқушының сөйлеу үдерісін басқаруды және оның жеке ерекшеліктерін ескеруді қамтиды. М.П. Воюшина оқу іс-әрекеті мотивтерінің қалыптасуы мен саналылығын анықтау үшін аяқталмаған сөйлемдерге негізделген жартылай проективті әдісті қолдануды ұсынады. Егер біз М.П. Воюшинаның әдістемесін негізге алып, оны бірқатар заманауи әдістермен толықтырсақ, оқу сауаттылығы деңгейін

нақты анықтауға мүмкіндік беретін кешенді диагностикалық құрал қалыптастыруға болады.

М.П. Воюшина әдебиеттік оқу сауаттылығының тыңдалым деңгейін анықтау үшін оқушылардың мәтінді қабылдау деңгейін, сөйлеу дағдыларын дамыту деңгейін және оқу мотивациясын зерттеуді ұсынады. Көркем мәтінді қабылдау деңгейі мен оқу дағдыларының қалыптасу дәрежесі мектеп бағдарламасына кірмейтін поэтикалық және прозалық мәтіндер негізінде бағаланады. Прозалық мәтінді оқығаннан кейін оқушылардан жалпы тақырып, кейіпкерлер, олардың әрекеттері және т.б. туралы алғашқы әсерлеріне байланысты сұрақтарға жауап беру талап етіледі [2].

Поэтикалық мәтінді өз бетінше оқығаннан кейін оқушыларға сыныпта талқылағысы келетін сұрақтар тізімін жасап, сол сұрақтардың әрқайсысына жеке жауап беру ұсынылады. Сөйлеу деңгейін және әдеби-шығармашылық дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау үшін оқушыларға сюжеттік суреттер сериясы бойынша эссе жазу ұсынылады.

Жұмыстарды талдау барысында келесі көрсеткіштер ескеріледі: эссенің көлемі, сөйлемдердің орташа ұзындығы, сөйлеу қателері мен кемшіліктері, тілдік дәлдік, мәнерлілік және сөздік қордың байлығы.

Қалыптастырушы эксперимент

Әдебиеттік оқу сабағында тыңдалым және айтылым дағдыларын диагностикалық тексеру нәтижесінде екі сыныптың оқушыларында бұл дағдылардың деңгейі төмен екені байқалды. Осыған байланысты тәжірибелік топпен тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастыру мақсатында әдебиеттік оқу сабақтарында әртүрлі жаттығулар қолданылды.

«Дайындалған сөзді сөйлеу» немесе «Сәлемдесу-танысу» тәсілі

Бұл тапсырма оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, сөйлеу қабілет-

терін дамытуға көмектеседі [8].

Тәсілдің басты артықшылығы – оқушының қатесінен үйренуіне мүмкіндік беруі, әрі бұл процесс бүкіл сыныптың алдында емес, жеке жағдайларда жүзеге асырылады.

Тапсырманы орындау кезеңдері:

1-қадам. Мұғалім оқушылармен бірге сөз сөйлеудің тақырыбын, мақсатын және мазмұнын (ақпарат беру, сендіру, кеңес беру және т.б.) талқылайды. Сонымен қатар, бұл факторлардың сөйлеу тілінің стилі мен екіпініне қалай әсер ететіні қарастырылады.

2-қадам. Әр оқушы берілген тақырып бойынша жеке сөйлеу мәтінін алдын ала дайындалған уақыт ішінде құрастырады.

3-қадам. Оқушылар жұптарға бөлінеді (мұғалімнің немесе өз қалауы бойынша) және кезекпен бір-біріне дайындаған сөздерін айтады. Сөйлеуші өзін ресми түрде таныстыруы тиіс, ал серіктесі тыңдап отырып, негізгі тұстарды жазып алып, кейін кері байланыс береді. Одан кейін рөлдер ауыстырылады. Әр оқушы алған кері байланыс негізінде өз сөзін жетілдіру үшін жұмыс жасайды.

Осыдан кейін мұғалім бұл сөйлеу түрін оқытуға байланысты бірқатар мәселелер бойынша жұмыс жүргізеді. Атап айтқанда:

- ауызша ақпаратты ұсыну шарттары талданады;
- тыңдалым мен сөйлеу әрекетінің өзара байланысы анықталады;
- ақпарат көздеріне байланысты өзге тілдегі хабарламаларды түсіну мәселелері қарастырылады;

- монологиялық және диалогтік сөйлеуді тыңдау дағдыларын дамыту жолдары зерделенеді;
- баяндау стилі мен формасына, тілдік ерекшеліктерге сай тыңдау қабілетін дамыту тәсілдері анықталады;
- тыңдалым сөздігін қалыптастыру;
- тыңдалымды дамытуға арналған арнайы жаттығулар әзірленеді;
- сөйлеу әрекетінің бұл түрін оқыту кезінде қолданылатын бақылау нысандары талданады.

Сөйлеуді қабылдамай, толыққанды қарым-қатынас орнату мүмкін емес, өйткені бұл үдеріс – екі жақты. Тыңдалым дағдыларын елемеу оқушылардың жалпы дайындық деңгейіне теріс әсер етуі мүмкін. Себебі оқу процесінің көп бөлігі тыңдау арқылы өтеді және бұл дағды – басқа барлық сөйлеу әрекеттерінің негізі. Қарым-қатынас барысында тыңдалым сөйлеумен (жауап беру үшін тыңдаймыз), оқумен (оқу нұсқауы естілген ақпаратқа негізделеді) және жазумен (естілген мәліметті жазып аламыз) тығыз байланысты.

Сабақ барысында осындай қысқа мәтіндер негізінде оқушыларға кіріспе ақпарат берілді. Әдебиеттік оқу сабағында мәтінмен жұмыс кезінде (топтық немесе жұптық жұмысқа арналған) тапсырма-карточкалар қолданылды. Мұғалім оларды сабақ мақсатына сәйкес дербес әзірлей алады.

1-карточка. Мәтінді оқы. Мұнда автордың қандай сезімдері көрсетілгенін ойлан. Бұл сезімдерді қалай түсіндіруге болады? Қандай бейнелі сөздермен автор бұл сезімдерді білдіре алды? Олардың қайсысы саған (сізге) ерекше ұнайды? Осы шығармаға (үзіндіге) қандай суреттер салуға болатынын ойлан? Мәнерлеп оқуға дайындал.

Бала Абай

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Ол атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге балалардан гөрі, басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы – әжесі. Одан қала берсе, шешесі.

Абай биыл ғана анық байқағандай. Мұның әжесі біртүрлі әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Бірде Абай сырқаттанып жатып, әжесінен әңгіме айтуын сұраған. Сонда әжесі ойланып отырып:

- Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен...- деп, кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қалыпты, келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесінің тізесінен ақырын қағып:

- Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен ...- деп, тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертегілер айтқан. Абай қажымай, жалықпай, ылғи ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді және ол көбінесе өлең сөзді жиі айтатын...

2-карточка. Мәтінді бөліктерге бөл. Әр бөлікке ойша сурет сал. Бөлімге атау бер. Тақырыпты жаз. Жоспар бойынша мәтіннен жарқын өрнектерді қолдана отырып,

оқығаныңды дәйекті түрде қайталап айтуға дайын бол. Оқылғанды қысқаша айтып бер [8].

Елдестің ойыны

Елдестің ойында ойыннан басқа ештеңе жоқ. Әке-шешеге қолғабысы болмайды. Ал ойын дегенде жүгіріп кетеді. Мұның ойыны шатақ ойын емес – асық ойыны. Аспанға іліп қойған асықты атып алады. Мергендігінде шек жоқ. Ертемен үйден шыққанда бір асық, бір сақамен кетеді де, кешке екі қалтасы толып қайтады. Балалар «мұның сақасы – арқардың асығы, арқардың асығы арқардың өзіндей жүйрік болады» деген секілді өсек айтады. Илануға болады, өйткені біз көріп жүрген асықтан сүйегі таза әрі салмақты.

Қаздай тізіліп тұрған асыққа дәлдеп тұрып жіберіп қалғанда, снаряд түскендей, асықтар аспанға бір-ақ ұшады, жинай бер. Ұтылған адамның ашулы болатыны белгілі ғой. Балалар: «Арқардың асығы, ойнатпаймыз. Қой, асығымен ойнасын», - деп дау шығарады.

Ертеректе «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деген мақал болған. Сол доп ешкімді тоздырмай-ақ, қызығып ойнайтын футбол ойынына ұласты.

3-карточка. Мәтінді мұқият оқы. Жарқын сөздер мен бейнелі өрнектерді таңда. Оларды түсіндіруге дайын бол. Сұрақтарға

жауап беруге дайын бол. Оқығанның негізгі идеясын анықта.

Күй құдіреті

Бірде Фараби әмір сарайына барыпты. Онда әкімдер, ғалымдар, өнерпаздар көп жиналған екен. Қыпшақтарша киінген Фараби елеусіз ғана бір шеттен орын алады. Ол өзі жасап алған домбырасымен күй тартса, жұрттың бәрі күліп, мәз-мейрам болады. Енді бір күйін тартқанда, әлгілер қамығып, жылай бастайды және бір күй тартқанда, бәрі маужырап, ұйықтап қалыпты. Фараби «Бұл күйлерді тартқан – қыпшақ әл-Фараби» деп хат жазыпты да, өзі сарайдан шығып кетіпті. Әмірші оны қанша іздесе де, таба алмапты.

Бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдылары арқылы тілін дамытуда төмендегі әдістер қолданылды.

Жұппен оқу. Бұл әдіс бойынша сөйлемдегі бір сөзді жақсы оқитын оқушы оқиды, ал нашар оқитын оқушы сол сөзді артынан қайталайды. Мақсаты: жақсы оқушы өзін жауапты сезінеді, ал әлсіз оқушы өзіне деген сенімділікті арттырады.

«Канонды» оқу. Бір оқушы мәтіннің абзацын оқуды бастайды, екінші оқушы дәл сол абзацты бірінші оқушыдан 3–4 сөз кейін қайталап оқиды. Мақсаты: оқу қарқынын сақтау, мәнерлеп және қатесіз оқуға дағдылану.

«Спринтті» оқу. Мәтіннің қысқа үзінділерін бірнеше оқушы бір уақытта, жылдамдықпен оқуды бастайды. Бұл әдісте оқу жылдамдығы мен мәнерлеп оқуға бірдей көңіл бөлінеді. Мақсаты: оқушыларды шапшаң әрі сауатты оқуға ынталандыру. Жаттығу кезінде парталарда орнатылған жадынама талаптарының сақталуы қадағаланады.

«Найзағай» жаттығуы. Бұл әдіс іштен оқуды дауыстап оқумен кезектестіру арқылы жүзеге асады. Мақсаты: әр оқушыға қолжетімді ең жоғары жылдамдықтағы оқуға көшу. «Найзағай» командасы бойынша басталатын бұл жаттығу 20 секундтан 20 минутқа дейін жалғасуы мүмкін. Жеке оқу жылдамдығының жоғарғы шегін арттыруға бағытталған.

«Еріндер» жаттығуы. Жаттығу барысында балалар іштен оқумен дауыстап оқуды нақты ажыратуды үйренеді. Мақсаты:

іштен оқу кезінде дауыстап оқып жіберудің алдын алу. «Ішінен оқы» командасы бойынша оқушылар еріндерін мықтап жауып, саусақтарын ерінге қойып орындайды.

«Тап!» жаттығуы. Бұл әдісте мәтін жолақтармен жабылып, оқушылар сөздер мен сөйлемдердің жалғасын алдын ала болжауға тырысады (антиципация). Мақсаты: оқуды жылдамдату және мәтінді терең түсінуге жетелеу. Жаттығу 2, 3 немесе 4 деңгейлі қиындықта жүзеге асырылады, бұл оқушылардың оқу дағдысына байланысты таңдалады.

Топтық жұмыс: сөйлемді тарату және мәтін-пікір құрастыру. Оқушыларға сөйлемді тарату тапсырмасы беріледі. Ұжымдық талқылаудан кейін топ жетекшісі сөйлемді атайды, ал қалғандары оны хормен айтады. Жауаптар салыстырылып, үздік нұсқа таңдалады. Берілген тақырып бойынша мәтін-пікір құрастыру жаттығулары ұжымдық жұмысқа негізделеді. Бұл тапсырмалар оқушылар арасында өзара тәуелділік орнатуға, жаңа ақпаратты меңгеруге және өзіндік жетілуге ықпал етеді. Жаттығулар іштен немесе дауыстап оқудағы кедергілерді, мәтінді негізсіз қайталау және оған қайта оралу сияқты қиындықтарды жеңуге көмектеседі [9].

Бақылау кезеңінің нәтижелері

Тәжірибелік жұмыстың бақылау кезеңін жүргізу барысында бірінші кезеңдегіге ұқсас диагностикалық материал қолданылды. Күтілетін нәтижелерді бағалау критерийлері белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болатын өлшенетін сипаттамалар болып табылатын нақты көрсеткіштер болып табылады.

Біз бастауыш сынып оқушыларының 3 «а» сыныбын бақылау тобы деп, ал 3 «б» сыныбын тәжірибелік топ деп алдық. Төменде

«Сөздерді ата» әдісі бойынша жасалған эксперименттің бақылау кезеңінің нәтижелері көрсетілген (4-кесте, 3-сурет).

4-кесте – «Сөздерді ата» әдісі бойынша жасалған диагностиканың нәтижелері

Сыныптар	Көрсеткіштер					
	Төмен деңгей		Орташа деңгей		Жоғары деңгей	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Бақылау тобы	62%	60%	22%	24%	16%	16%
Тәжірибелік тобы	58%	42%	23%	36%	19%	22%



3-сурет – «Сөздерді ата» әдістемесі бойынша бақылау кезеңінің нәтижелері

«Сөздерді ата» әдістемесінің бақылау кезеңіндегі нәтижелері оқушылардың тыңдалым мен айтылым дағдыларындағы ілгерілеуді айқын көрсетеді. Диаграмма мәліметтері екі топ – бақылау және тәжірибелік – бойынша салыстырмалы түрде талданды.

Бақылау тобында бастапқы кезеңде (экспериментке дейін) төмен деңгейдегі оқушылардың үлесі 62% болса, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 24%-ға дейін төмендеген. Орташа деңгей 22%-дан

16%-ға, ал жоғары деңгей 16%-дан өзгеріссіз қалған. Бұл бақылау тобында шамалы ғана өзгеріс болғанын көрсетеді, яғни тыңдалым мен айтылым дағдыларында айтарлықтай даму байқалмайды.

Тәжірибелік топта бастапқы кезеңде төмен деңгейлі оқушылар 58% болса, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 19%-ға дейін күрт төмендеген. Сонымен қатар, орташа деңгей 23%-дан 36%-ға, ал жоғары деңгей 22%-ға дейін артқан. Бұл тәжірибелік топта арнайы тапсырмалар мен жат-

тығулардың тиімді жүргізілгенін, соның нәтижесінде оқушылардың тілдік дағдылары едәуір жақсарғанын білдіреді.

«Сурет бойынша айтып бер» әдісі бойынша жасалған бақылау кезеңінің нәтижелері 5-кесте және 4-суретте берілген.

5-кесте – «Сурет бойынша айтып бер» әдісі бойынша жасалған бақылау кезең нәтижелері

Сыныптар	Көрсеткіштер					
	Төмен деңгей		Орташа деңгей		Жоғары деңгей	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Бақылау тобы	68%	66%	18%	18%	14%	16%
Тәжірибелік тобы	70%	58%	13%	21%	17%	21%



4-сурет – «Сурет бойынша айтып бер» әдістемесі бойынша бақылау кезең нәтижелері

«Сурет бойынша айтып бер» әдістемесі бойынша бақылау тобында экспериментке дейін төмен деңгейдегі оқушылардың үлесі 68% болса, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 66% болып, елеулі өзгеріс байқалмады. Орташа деңгей 18%, ал жоғары деңгей 14%-тен 16%-ға сәл ғана артқан. Бұл нәтижелер бақылау тобына арнайы әдістемелік ықпал жасалмағанын және оқушылардың айтылым дағдыларында айтарлықтай ілгерілеу болмағанын көрсетеді.

Тәжірибелік топта бастапқы кезеңде төмен деңгейдегі оқушылар 70% болған, ал эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 58%-ға дейін төмендеген. Сонымен қатар, орташа деңгей 13%-тен 21%-ға, ал жоғары деңгей 17%-ден 21%-ға артқан. Бұл өзгерістер тәжірибелік топта қолданылған жаттығулар мен әдістердің айтылым дағдыларын дамытуға оң әсер еткенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, тәжірибелік топта оқушылардың сөйлеу дағдыларының дамуында

оң серпін байқалды. Бұл «Сурет бойынша айтып бер» әдістемесін мақсатты және жүйелі қолданудың тиімділігін көрсетеді. Мұндай тәсілдер бастауыш сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері мен талдаулар бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдыларын дамыту бүгінгі білім беру жүйесінде маңызды мәселе екенін көрсетеді. Бұл дағдыларды дамыту оқушылардың тілдік қатынасын жетілдіріп қана қоймай, олардың ойлау, түсіну, жауап беру және қарым-қатынас жасау қабілеттерін арттыруға әсер етеді.

Карашева Ж.Б. жаңартылған білім беру бағдарламасындағы тыңдалымға ерекше назар аударылатынын нақтылайды. Ол тыңдалымды күрделі танымдық әрекет ретінде сипаттап, оны басқа тілдік дағдылармен (оқылым, жазылым, айтылым) тығыз байланыста қарастырады. Тыңдалымға арналған тапсырмалар – телехабарларды, әндерді тыңдау, мазмұнын айту, сұрақтарға жауап беру секілді – оқушының есту арқылы қабылдауын ғана емес, сонымен қатар жауап беруін, ой қорытуын да жетілдіреді. Сонымен қатар, ол оқушылардың бірлескен әрекет арқылы топта жұмыс істеу дағдыларының дамуын ерекше атап өтеді. Бұл оқушылардың өзара ынтымақтастығын арттырып, ұжымдық жауапкершілікті қалыптастырады [10].

Алпысбаева Н.С. көзқарасы бойынша, әдебиеттік оқу мен тілдік дағдыларды дамыту – біртұтас үдеріс. Ол әдеби тілді меңгертуде тек мәтінді талдап қана қоймай, сол мәтін арқылы оқушының ішкі сезімі мен ойлауын ояту қажет екенін айтады. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ойды, сезімді жеткізудің де тәсілі. Сондықтан тілдік дағдыларды дамыту үшін табиғи тілдік орта қалыптастыру, оқушының ішкі мотивациясы мен қызығушылығын арттыру маңызды [11].

Зерттеу барысында айтылым мен тыңдалым дағдыларының өзара тығыз байланыста екенін байқауға болады. Айтылым белгілі бір мақсат пен мәнмәтінге негізделсе, тыңдалым – осы мазмұнды дұрыс қабылдау мен түсінудің негізі. Тыңдай алу – сөйлеудің алғышарты. Оқушы естігенін түсініп, соған жауап беруге үйренгенде ғана толыққанды тілдік қарым-қатынас жүзеге асады. Сондықтан тыңдалым мен айтылым дағдыларын бір-бірімен тығыз байланыстыра отырып дамыту – бастауыш білім беру кезеңіндегі маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуда арнайы әдістер мен жаттығулардың маңыздылығын айқындады. Эксперименттік жұмыстың нәтижелері көрсеткендей, жүйелі ұйымдастырылған тапсырмалар мен оқыту тәсілдері оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттырып, әдеби мәтінді қабылдау, түсіну және мазмұндау дағдыларын жетілдіруге ықпал етті.

Әсіресе, «Сөздерді ата» және «Сурет бойынша айтып бер» әдістемелері арқылы алынған бақылау кезеңінің нәтижелері тәжірибелік топтағы оқушылардың тыңдалым мен айтылым деңгейлерінде оң өзгерістер бар екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, М.П. Воюшина ұсынған жартылай проективті әдіс оқушылардың айтылым дағдыларын жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, қолданылған әдіс-тәсілдер мен топтық жұмыс формалары оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытып қана қоймай, олардың шығармашылық ойлауын, өзіндік пікір білдіру қабілетін және өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын нығайтты. Тыңдалым мен айтылымды қатар дамытатын жаттығуларды оқу үдерісіне жүйелі енгізу – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады.

Қолданылған деректер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы [Elektrondy resýrs] [MES RK order No. 348 on the approval of the state compulsory education standards in the Republic of Kazakhstan] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031#z140> (қаралған күні 10.12.2024)
2. Воюшина, М. П., Кислинская, С. А., Лебедева, Е. В., Николаева, И. Р. Методика обучения литературному чтению: учебное пособие. – 2-е изд., испр. – М.: Академия, 2013. – 284 с.
3. Yao, S., Poonpon, K. The Effects of Text-to-Speech Dictation on Chinese Elementary Students' Listening and Spelling Skills at a Primary School in China // *Theory & Practice in Language Studies (TPLS)*. – 2025. – I. 15. – Vol. 1. DOI 10.17507/tpls.1501.32
4. Абдулла, С. Қазақ тілі сабақтарында тыңдалым әрекеті тапсырмаларын ұйымдастыру жолдары // Педагогика және оқыту әдістемесі. – 2024. – №1(66) 2024.– Б. 16-23. <https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v67i2.1266>
5. Waqas, M., Miran, G., Qamar, I. The Impact of Teaching Weak Forms on Secondary School Students' Speaking and Listening Skills in Rawalpindi, Pakistan // *The Critical Review of Social Sciences Studies*. – 2025. – I. 3. – Vol. 1. – P. 1800-1816. DOI: <https://doi.org/10.59075/Ok2xpd96>
6. Гез, Н. И. Роль условий общения при обучении слушанию и говорению // *Иностранные языки в школе*, 1981. – № 5. – С. 12-18.
7. Немов Р.М. Психология. – 4-е изд. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 688 с.
8. Әдебиеттік оқу: 3-сыныпқа арналған оқулық. Бөлім 1 / Б. Т. Қабаты, Ұ. Қ. Зейнетоллина, В. А. Қалиева. – Алматы: Атамұра, 2022. – 128 б.
9. Оразбаева, Ф. Ш., Рахметова, Р. С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі : оқу құралы. – Алматы : Print-S, 2005. – 170 б.
10. Карашева, Ж. Б., Исакова, Л. М. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын арттырудағы мұғалімнің рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогикалық серия. – 2020. – Т. 66, № 2. – Б. 349–353.
11. Алпысбаева, Н. С., Асылова, Р. О., Абдуллина, Г. Т. Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану // Яссауи университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия. – 2024. – Т. 1, № 131. – Б. 449–463.
- mindetti standarttaryn bekityń turaly Qazaqstan Respyblikasy Oqý-agartu ministrińiń 2022 jyly 3 tamyzdagy № 348 búırygy [Elektrondy resýrs] [MES RK order No. 348 on the approval of the state compulsory education standards in the Republic of Kazakhstan] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031#z140> (qaralghan kúni 10.12.2024)
13. Voyushina, M.P., Kislinskaya, S.A., Lebedeva, E.V., Nikolaeva, I.R. Metodika obucheniya literaturnomu chteniyu: uchebnoe posobie. – 2-e izd., ispr. – Moskva: Akademiya, 2013. – 284 s.
14. Yao, S., Poonpon, K. The Effects of Text-to-Speech Dictation on Chinese Elementary Students' Listening and Spelling Skills at a Primary School in China // *Theory & Practice in Language Studies (TPLS)*. – 2025. – Vol. 15, № 1. – DOI: 10.17507/tpls.1501.32
15. Abdulla, S. Qazaq tili sabaqtarynda tyńdalym áreketi tapsyrmalaryn úıymdastyry jolydary [Ways of organizing listening tasks in Kazakh language lessons] // *Pedagogika jáne oqytý ádistemesi* – 2024. – № 1(66). – B. 16–23. DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v67i2.1266>
16. Waqas, M., Miran, G., Qamar, I. The Impact of Teaching Weak Forms on Secondary School Students' Speaking and Listening Skills in Rawalpindi, Pakistan // *The Critical Review of Social Sciences Studies*. – 2025. – Vol. 3, № 1. – P. 1800–1816. – DOI: <https://doi.org/10.59075/Ok2xpd96>
17. Gez, N. I. Rol' uslovii obshcheniya pri obuchenii slushaniyu i govoreniyu [The role of communication conditions in teaching listening and speaking] // *Inostrannye yazyki v shkole*. – 1981. – № 5. – S. 12–18.
18. Nemov, R. M. Psikhologiya [Psychology]. – 4-e izd. – Moskva: Gumanit. izd. tsentr VLADOS, 2003. – 688 s.
19. Qabatay, B. T., Zeinetollina, Ū. Q., Qaliev, V. A. Ádebiyettik oqu: 3-synyppa arналған oqýlyq. Bólim 1 [Kazakh literature: Textbook for Grade 3. Part 1]. – Almaty: Atamura, 2022. – 128 b.
20. Orazbaeva, F.Sh., Rakhmetova, R.S. Qazaq tilin oqytu ádistemesi: oqý quraly [Methodology of teaching the Kazakh language: study guide]. – Almaty: Print-S, 2005. – 170 b.
21. Karasheva, Zh.B., Iskakova, L.M. Zhańartylgan bilim berý maznńny aiasynda bastayýysh synyp oqýshylaryńyń kommunikatývdik dagdyların arttyrydady múgalimńiń róli [The role of the teacher in developing communicative skills of primary school students within the framework of updated education content] // *Abai atyndagy QazNPU Khabarshysy. Pedagogikalıq seriia*. – 2020. – T. 66, № 2. – B. 349–353.
22. Alpysbaeva, N.S., Asylova, R.O., Abdullina, G.T. Bastayýysh synyptyn qazaq tili sabaqtarynda oqytýdyń interbelsendi quraldaryn qoldaný [The use of interactive tools in Kazakh language lessons in primary school] // *Yassawi ýniversitetiniń khabarshysy. Pedagogikalıq seriia*. – 2024. – T. 1, № 131. – B. 449–463.

References

12. Мектепке deiingi tárbie men oqytýdyń, bastayýysh, negizgi orta, jalpy orta, texnikalyq jáne kásiptik, orta bilimnen keiingi bilim berýdiń memlekettik jalpyga

Развитие речи младших школьников через навыки аудирования и говорения

Ф.Б. Нугманова*¹, Ж.К.Ахмадиева²

¹Национальная академия образования им. И.Алтынсарина

г. Астана, Республики Казахстан

²Международный университет Астана

г. Астана, Республики Казахстан

*farida.nugman.uba@mail.ru



Аннотация. В статье авторы рассматривают вопросы, связанные с развитием навыков аудирования и говорения на уроках «Литературного чтения» в начальных классах. В ходе исследования с помощью анкетирования и выполнения заданий были выявлены пути развития указанных навыков у учащихся. На основе наблюдений, проведённых в три этапа по предмету «Литературное чтение», были определены основные проблемы. С помощью методик «Назови слова» и «Расскажи по картинке» уточнены трудности, возникающие при развитии навыков аудирования и говорения. Рассмотрены пути преодоления этих трудностей посредством использования заданий, а также методов обучения и речевой активности. С этой целью исследование было организовано в виде эксперимента, охватывающего этапы формирования и наблюдения. В статье также проанализированы теоретические и практические исследования, а также методы и приёмы, направленные на развитие литературного чтения, с опорой на подходы зарубежных авторов в организации учебной деятельности. Выявлена эффективность методик, направленных на развитие навыков аудирования и говорения. В рамках исследования М.П. Воюшина предлагает изучать уровень восприятия текста, развитие речи и мотивацию к обучению для определения уровня аудирования. Также в работе применён полу проективный метод с использованием незавершённых предложений, разработанный М.П. Воюшиной. Статья будет полезна учителям начальных классов.



Ключевые слова: эссе, навыки, аудирование, произношение, развитие языка, методология.

Developing primary school students' language skills through listening and speaking

F.B. Nugmanova*¹, J.K.Akhmadieva²

¹*National Academy of Education named after Y.Altynsarina,

Astana, Republic of Kazakhstan

²Astana International University,

Astana, Republic of Kazakhstan

*farida.nugman.uba@mail.ru



Abstract. The article explores the issues related to the development of listening and speaking skills in the "Literary Reading" subject in primary school. Through surveys and task-based activities, the study identifies ways to enhance students' listening and speaking abilities. Key problems were identified based on a three-stage observation process conducted within the "Literary Reading" lessons. Using the methods "Name

the Words” and “Describe the Picture,” the study clarifies the difficulties students face in developing these skills. The authors examine ways to overcome these difficulties by applying targeted tasks, teaching, and speaking methods. To achieve this goal, the research was organized through experimental, formative, and observational stages. The article also analyzes theoretical and practical studies, as well as methods aimed at fostering literary reading, drawing on approaches used by international scholars in educational practice. The effectiveness of techniques focused on the development of listening and speaking skills is demonstrated. During the study, M.P. Voyushina suggests assessing students’ text comprehension, speech development, and learning motivation to determine their level of listening skills. Additionally, a semi-projective method based on incomplete sentences, developed by M.P. Voyushina, was applied. This article is expected to be a useful resource for primary school teachers.



Keywords: essay, skills, listening, pronunciation, language development, methodology.

Материал баспаға 25.12.2024 келіп түсті